

Париж қаласындағы (Франция Республикасы) ғимараттарды Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 сәуір N 397

Мемлекеттік қаражатты ұтымды пайдалану және Қазақстан Республикасының меншігіне жататын шетелдегі жылжымайтын объектілер тізбесін кеңейту жөнінде белгіленген жобаларды одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Франция Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшілігін әкімшілік тұрғыдан орналастыру үшін Париж қаласындағы мына мекен-жайлардағы: 9/13, 13 rue du Docteur Poincare; 8, 10, 12, 14 және 16 avenue Leopold II және 1/3 avenue Emile Bergerat ғимараттарды Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп заңмен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Елшілігінің Париж қаласы, 59 rue Pierre Charron мекен-жайындағы ғимаратын сатсын және одан түскен қаражатты республикалық бюджеттің есебіне жатқызсын;

2) шетелдік несиешілермен қаржыландырудың шарттары мен сызбасы

жөнінде келіссөздер жүргізісін, несиелік келісімді әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) мемлекеттік борыш лимитінің шеңберінде шетелдік несиешілермен несие келісіміне қол қойсын;

2) несиеге қызмет көрсету және өтеу республикалық бюджет қаржысынан көзделсін;

3) қаржының нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.А.Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министр

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Умбетова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК